

АРША ЖАЗУЫ ТУРАЛЫ¹

Жазу – ой мен сезімді графикалық тәсіл арқылы бейнелеудің ерекше жүйесі. Жазу – жалпы адамзат қоғамының даму кезеңіндегі жаңалықтардың ең ұлысы, белгілі-бір этнос мәдениетінің даму деңгейін көрсететін өлшемдердің (параметрлердің) негізгілерінің бірі. Жазу феноменінің филогенездік және онтогенездік деп аталатын екі түрлі эволюциясы бар. Филогенездік эволюция жалпы адамзаттық дамуға байланысты, ал онтогенездік эволюция – белгілі-бір этносқа тән құбылыс. Жазу-сызу эволюциясында оның пиктографиялық жазу – «белгілі бір идеяны суретпен көрсету»; идеографиялық жазу – «белгілі бір сөзді шартты таңбаммен бейнелеу»; дыбыстық жазу – «сөздегі дыбыстарды белгілі бір әріптермен беру» түрлері болды. Қазақстан аумағында әртүрлі архео-тарихи деректерге карағанда жазудың осы аталмыш эволюциялық сатылары болғандығы байқалады. Алайда қоғамда жазу-сызу мәдениеті, жазба тіл бірден қалыптаса қоймайтыны белгілі. Жазу-сызуларды пайдаланған өзге де этностар тәрізді қазақтар да жазуды мәдени-әлеуметтік өмірінде қолдану барысында аса күрделі ойларды объективтендіретін тілдік құрылымдар жасап, этномәдени кеңістікте жазба тілдің негізін қалыптастырды. Жазудың игі әсерінің барысында мәдени-тілдік ұжымның когнитивтік санасында жазба тілге тән аса күрделі құрылымдардың синтаксистік моделдері пайда болды.

Жазудың және оның типтері мен түрлерінің графикалық, таңбалық ерекшеліктері жағынан әлі де болса ашылмай жатқан лингвистикалық, археологиялық жайттары аз емес. Солардың бірі – шартты түрде **арша жазуы** немесе **хат сәрби** деп аталатын араб жазуының бір варианты (суретті караңыз).

Арша жазуы– лингвистика және мәдениет тарихында ғылыми-терминологиялық айналымға түсе қоймаған, филолог, археолог, этнологтардың көпшілігіне дерлік бейтаныс ұғым.

Белгілі түркітанушы, көрнекті этнограф Әбубәкір Диваев (1856-1933) 1917 ж. Ферғана алабына барған сапарында Орта Азиядағы араб жазбалы түркіхалықтары арасында тараған, бұрын өзіне беймәлім, әріптердің таңбалану кейпі шырша, арша ағаштарының бұтағына аса ұқсас бір жазуға кезіккенін айтып, араға біраз жыл салып барып, 1928 ж. Ташкент шаһарында басылып шыққан «Год работы казахского высшего педагогического института» деген жинаққа «Кипарисоподобные письма» деген мақала жариялайды [1, 81-82 бб.]. Мақалада автор жазудың бұл түрі туралы барлық мәліметті Ферғанадағы жергілікті тұрғын Бекболат Сәлиев

¹ Мақала «Қазақстан археологиясы мен этнологиясы; өткені, бүгіні және болашағы» атты «VII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында 2015 жылы жарияланған.

деген кісіден алғандығын айтады. Белгілі диалектолог ғалым Сапарғали Омарбеков Ә. Диваевтың жоғарыда аталған хабарлама-мақаласына сүйене отырып, «хат сәрби» деген тақырыппен ҚСЭ-де шағын мақала жариялады, бірақ оны арша жазуы деп көрсетті [2]. Кейіннен автор ҚСЭ-дегі бұл мақаласын кеңейтіп, «Ана тілі» газетіне бастырған [3]. Ғалымның жорамалдауынша, арша жазуы жаппай ел арасынан мұсылманша сауаты тереңірек, қоғамдағы мәдениеті жоғарырақ деген топтардың ішіне көбірек тараған. Көбіне-көп ол қоғамның осы тобының бір-бірімен хат арқылы құпияласуы үшін қызмет еткен жазу тәрізді.


Арша жазуы туралы келесі мәлімет көрнекті этнолог ғалым Н. Әлімбаевтың ғылыми жобасымен және жетекшілігімен жарық көрген бестомдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен жазуларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия» [4, 158-159 бб.] атты еңбекте берілген. Лұғаттық мақала авторы жоғарыда аталған зерттеушілердің айтқандарын негізгеала отырып, арша жазуын тілдік-мәдени тұрғыдан сипаттаған.

Арша жазу/хат сәрби – жазылуы және оқылуы абжад жүйесіне негізделген 28 араб әріптерінен тұратын арша ағашы бейнелес жазу. Ол абжад жүйесі бойынша 1) АБДЖЕД, 2) ГАУВАЗ, 3) ХУТТЫ, 4) КАЛЯМАН, 5) САГФАЦ, 6) КАРАШАД, 7) САХАЗ, 8) ЗАЗАГ деп аталатын 8 топқа бөлінеді. Бұлар әріптердің тәртібі мен орналасуын көрсететін шартты атаулар. Әуелде бұлардың мағынасы болған, дұғалық қасиетке ие деген де пікір бар.

Арша жазуда тік таяқша сызық алынады, ал оның сол және оң жағындағы көлбей сызылған кішкене сызықшалар сөздің қалай оқу керектігін көрсетеді. Тік сызықтың оң жағында белгіленетін көлбеу кішкене сызық сегіз топтағы әріптің қайсына кіретінін, ал сол жақтағы кішкене көлбеу сызық аталмыш топ ішіндегі әріптердің реті бойынша оқылады. Бала деген сөзді аршамен жазу үшін бірінші б әріпінің қай топқа кіретінін білу керек, яғни бұл әріптің абжад тобына кіретінін байқаймыз. Тік таяқшаның оң жағына бір көлбеу сызық белгіленеді, абжадтағы әріп қатары екінші болғандықтан, сол жаққа көлбеу екі сызық жазылады; а әріпі абжадтағы бірінші топқа жататындықтан тік сызықтың оң жағында көлбеу бір сызықша және абжадтағы қатар реті бірінші тұрғандықтан сол жақта бір сызықша қойылады. Ал л әріпі төртінші топтағы рет қатары екінші болып тұрғандықтан, тік сызықтың оң жағына төрт көлбеу, сол жағы кішкене екі сызықпен белгіленеді; ал а әрпі, жоғарыда айтылғандай, түрде таңбаланады. Сонымен, *бала* сөзінің аршамен жазылуын былайша көрсетуге болады: (а) (л) (а)(б).

I ТӨП		II ТӨП		III ТӨП		IV ТӨП	
↑	ا (a)	↑	ذ (z)	↑	ض (z)	↑	ن (n)
↑	ب (b)	↑	ر (r)	↑	ر (z)	↑	و (y)
↑	ت (m)	↑	ز (z)	↑	غ (z)	↑	ي (u)
↑	ث (c)	↑	س (c)	↑	ف (φ)	↑	
↑	ث (ю)	↑	ش (ш)	↑	ق (K ₃)		
↑	ح (x)	↑	ص (c)	↑	ك (κ)		
↑	خ (x)	↑	د (g)	↑	ل (λ)		
↑	ج (g)	↑	ط (m)	↑	م (μ)		

Арша жазуы туралы тақырыпты қайта қозғап отырған себебіміз «Туркестанский сборник» атты жинақтың [5,63-65] бес жүз елу бесінші томында Базарбай тауына жақын жерде, Елеккеқұатын өзеннің жоғарғы жағында Шашқан теміржол стансасы жағында «Қыз мола» деген ерекшеескерткіш байырғы бір кезде көшіп-коньп жүргенде, кайтыс болған байдың қызынаарналғаны туралы археологиялық тұрғыдан қысқаша сипаттама берілген. Құлпытастың бір жағында шыршаның суреті қашалып жасалғаны былайша сипатталған: «Пьедсталь состоитъ изъ двухъ плитъ, нижняя иметь форму правильнаго прямоугольника, а верхняя имьеть съ двухъ узкихъ стороны такой же формы, какъ описанный вырзь на монолитъ. На одномъ изъ боковъ видньются три въ видъ елки, нацарапанныя ножемъ или остроконечнымъ орудіемъ, сдъланная повидимому» дей келіп автор, «Это сообщеніе записано со словъ Д.Н. Соколова, а рисунокъ также испсполнено указаніимъ» деп ескерту берген. Аталмыш жинақта 74 нөмірмен «Қыз мола» құлпытасының суреті берілген (қараңыз):



«Қыз мола» құлпытасындағы таңба, біздің байқауымызша, сурет емес, Қазақстан жерінен табылған арша жазу екеніне шүбә келтіруге болмас деп ойлаймыз. Алайда бұл таңбаны көріп, алғаш түсіргендер оны сурет деп ұғып, ондағы арша қылқандарының саны мен орналасуына мән бермеген. Өйткені арша жазу туралы мәлімет ол кезде археолог, этнолог, тіл мамандары үшін белгісіз еді. Әрине, ендігі жерде «Қыз мола» құлпытасы сақталса, мәселенің анық-қанығына жету үшін археолог ғалымдардың зерттеуі аса маңызды болар еді.

1. Диваев А.А. Кипарисоподобные письма // Год работы казахского высшего педагогического института.–Ташкент: Изд. Казпедвуза, 1928;
2. ҚСЭ. 11-т. – Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакциясы, 1977.
3. Омарбеков С. Тұран топырағында туған арша жазу // Ана тілі газеті, 19.05.1994.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том,- Алматы. 2012. - 734 б.
5. Туркестанский сборник статей относящихся до Средней Азии вообще Туркестанского края в особенности Составляемый В.И.Межовым. Том 555. - Ташкент, 1915.